

2010 жылға дейінгі ерекше қорғалатын аумақта су ресурстарын, жанауарлар дүниесін сақтау және ұтымды пайдалану және желісін дамыту бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 қазандағы № 914 2010 жылға дейінгі ерекше қорғалатын аумақта су ресурстарын, жануарлар дүниесін сақтау және ұтымды пайдалану және желісін дамыту бағдарламасын бекіту туралы қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі № 319 «Елбасының Қазақстан халқына Жолдауының 2005-2007 жылдарға жыл сайынғы Жалпыұлттық негізгі бағыттарының (іс-шараларының) орындалу жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға Бағдарламаларын бекіту туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 2010 жылға дейінгі ерекше қорғалатын аумақта су ресурстарын, жануарлар дүниесін сақтау және ұтымды пайдалану және желісін дамыту бағдарламасы бекітілсін (бұдан әрі - Бағдарлама).
- Министрліктер және ведомстволар, облыс әкімдері Бағдарламада қарастырылған іс-шараларды тиісті түрде және уақытында орындалуын қамтамасыз етсін.
- Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігіне жыл сайын есептік жылдан кейінгі келесі 20 қаңтардан кешіктірмей Бағдарламада қарастырылған іс-шаралардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.
- Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігі жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны жүзеге асыру барысы туралы ақпаратты 10 ақпаннан кешіктірмей берсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысына жүктелсін.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы № 990 «Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары жүйесін дамытудың 2007-2009 жылдарға бағдарламасын бекіту туралы» қаулысының (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 2006 ж., № 37, 415-бет) күші жойылған деп танылсын.
- Осы қаулы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Масимов

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 8 қазандағы
№ 914 қаулысымен
бекітілген